

### **ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы**

Қос мерекені ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы да ерекше атап өтті. Оқу ордасының ардагерлерін құрметтеп, сый-жоралғы жасаған ұжым мен тыңдаушылар аға буынға жүрекжарды тілектерін білдірді.

Мерекелік шараны Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов құттықтау сөзімен ашты. Салтанатты кеште қызметтік міндеттерін адал орындап, жетістіктерге жеткен қызметкерлер Ішкі істер министрі мен Академия басшылығы тарапынан Құрмет грамотасы, грамота, алғыс хаттармен марапаттады.

Бұл күні оқу ордасының қыз-келіншектері концерттік бағдарламаларын ұсынып, ән-жырларын Отанға адал қызмет етіп жатқан Академияның ер азаматтарына арнады. Отан қорғаушылар күніне арналған қабырға газеттері де көптің көңілінен шықты.

Мерекелік кеште полиция полковнигі Мирлан Қызылов облыс көлемінде түрлі сайыстарға белсене қатысып, жүлделі орын иеленген тыңдаушыларды құттықтады. Марапатқа ие болғандардың арасында олимпиада жеңімпаздары, «Жігіттің сұлтаны» атанған 2 - курс тыңдаушысы Тельман Құдайберген де бар. Басқа тыңдаушыларымыз да қатысып, жүлделі орындар иеленіп, грамотамен марапатталды. Қос мерекеге орай безендірілген сахна төрінде кішкентай балдырғандар да оқу ордасында қызмет атқарып жатқан аға-әпкелеріне арнап ән айтып, би биледі.

Орынбасар Уақпаева